

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылының Комсомольская көшесінің атауын Абылай Уәлиев көшесіне қайта атау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 17 ақпанда № 7130 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабы 4) тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2 тармағына сәйкес, Чермошнян ауылы халқының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы ономастикалық комиссиясының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Чермошнян ауылдық округ әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі Чермошнян ауылының Комсомольская көшесінің атауы Абылай Уәлиев көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Чермошнян ауылдық округінің әкімі*

*А. Жетыбаев*